



## Магистратураға түсушілерге арналған жадынама

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарына магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау Үлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Магистратураға қабылдауды үйымдастыру мерзімдері:

**Өтініштерді қабылдау және ҰТО ақпараттық базасына тіркеу:**

- **2024 жылғы 1 маусымнан 8 шілде аралығында**
- **2024 жылғы 28 қазаннан 10 қараша аралығында**

**Кешенді тестілеу:**

- **2024 жылғы 20 шілдеден 10 тамыз аралығында**
- **2024 жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсан аралығында (шамамен)**

**Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау:**

- **2024 жылғы 12 тамыздан 15 тамыз аралығында**
- **2024 жылғы желтоқсан**

**Магистратураға қабылдау:**

- **2024 жылғы 28 тамызға дейін**
- **2025 жылғы 10 қаңтарға дейін**

**1 ҚАДАМ-кешенді тестілеуге қатысуға өтініш беру үшін :**

1) [app.testcenter.kz](http://app.testcenter.kz) сайтына өтіңіз және интерфейс тілін таңдаңыз;

2) электрондық пошта арқылы өтініш беру жүйесінде тіркелу (Үлттық тестілеу орталығынан алынған хатта міндетті түрде электрондық поштаны растау қажет);

3) өтініштерді беру жүйесінде алынған логин мен пароль арқылы авторизация жасау (логин мен пароль көрсетілген хатты жоюға болмайды);

4) ЖСН көрсету және іздеу батырмасына басу (Т.А.Ә. автоматты түрде шығады), байланыс телефон нөмірін көрсету;

5) "Өтініш беру" қойындысына өтіп, "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру" тармағын таңдаңыз;

6) қажетті тестілеу түрін таңдау;

7) тіркелу үшін деректерді толтыру;

8) КТ өткізу қагидаларымен танысады растау;

9) төлем әдісін таңдау және тестілеу үшін төлем жасау. Барлық кезеңдерден сәтті өткеннен кейін "өтініш сәтті берілді!». Оқуға түсуші тестілеуді тапсыру қаласын өз бетінше таңдайды. Егер оқуға түсуші берілген өтінішке (тестілеуді тапсыру қаласы, білім беру бағдарламалары тобы, тестілеуді тапсыру тілі) өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда оларға өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін редакциялау мүмкіндігі беріледі. Ол үшін сізге қажет:

- 1) "Мениң тарихым" қосымша бетіне өтініз;
- 2) өтінішті ашу және "өтінішті редакциялау" батырмасын басу;
- 3) өзгерістер енгізу;
- 4) өндөуден кейін "Сақтау" түймесін басыңыз.

Тестілеуді өткізу орны мен уақыты туралы ақпарат оқуға түсушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

## **2 ҚАДАМ - КТ тапсыру және шекті балл жинау.**

Мемлекеттік білім беру тапсырысы және ақылы оқу бойынша оқуға түсудің шекті баллы:

Ғылыми-педагогикалық магистратураға - **150-ден 75 балл**, бұл ретте шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл.

Бейіндік магистратураға - **70-тен 30 балл**, бұл ретте бейіндік пәндер бойынша – кемінде 7 балл. Бейіндік магистратураға түсушілер оқуға дайындығын анықтауға арналған тест блогын тапсырудан босатылады.

## **3 ҚАДАМ – Шекті балл жинап, мемлекеттік білім беру тапсырысы конкурсына қатысу үшін ЖЖОКБҰ-ға келіп қажетті құжаттар тізімін өткізу керек:**

- 1) жоғары білімі туралы құжат қосымшаларымен (түпнұсқа);
- 2) Кешенді тестілеу сертификаты;
- 3) Жеке куәлік көшірмесі;**
- 4) 3x4 см екі фотосурет;
- 5) Шет тілі бойынша тест тапсыру туралы Сертификат (бар болған жағдайда);

Магистратураға түсуші өтініште бір білім беру бағдарламаларының тобын және үш ЖЖОКБҰ көрсетеді. Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсырган кезде, сондай-ақ К.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға қабылдау кезінде ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

## **4 ҚАДАМ – Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға оқуға қабылдану үшін университет порталына тіркеліп ([kb.satbayev.university](http://kb.satbayev.university)), 28 тамызға дейін қабылдау комиссиясына құжаттардың толық түпнұсқаларын тапсыру қажет:**

1. белгіленген үлгідегі өтініш;
2. жоғары білімі туралы құжат қосымшаларымен (түпнұсқа);
3. Кешенді тестілеу сертификаты;
4. Грант тағайындау туралы куәлік (конкурс қорытындысы бойынша);
5. 063/У (1 дана көшірме) және 075/У нысанындағы медициналық анықтамалар + флюорография суреті (түпнұсқа және 1 дана көшірме);
6. Жеке куәлік көшірмесі (3 дана көшірме);
7. Шет тілі бойынша сертификат (бар болған жағдайда);
8. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда);
9. 3x4 см екі фотосурет;
- 10. Тіркеу куәлігі немесе әскери билет (ер балаларға) (1 дана көшірме).**